

Адам құқықтары саласындағы бірінші кезектегі шаралар жоспарын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 11 маусымдағы № 405 қаулысы.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Адам құқықтары саласындағы бірінші кезектегі шаралар жоспары (бұдан әрі – Жоспар) бекітілсін.

2. Орталық мемлекеттік органдар және облыстардың, республикалық маңызы бар қалалар мен астананың жергілікті атқарушы органдары, Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдар (келісу бойынша), сондай-ақ Жоспардың орындалуы үшін жауапты басқа да ұйымдар:

1) Жоспарды іске асыру бойынша қажетті шараларды қабылдасын;

2) жартыжылдық негізде 1 шілдеге және 20 желтоқсанға дейін Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне Жоспардың іске асырылу барысы туралы ақпарат берсін;

3) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі жартыжылдық негізде 15 шілдеге және 5 қаңтарға дейін Қазақстан Республикасы Үкіметінің Аппаратына Жоспардың іске асырылу барысы туралы жиынтық ақпарат беріп тұрсын.

Ескерту. 2-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 17.03.2023 № 236 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

3. Қазақстан Республикасы Үкіметінің Аппараты жыл сайын 25 қаңтардан кешіктірмей Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне Жоспардың іске асырылу қорытындылары туралы жиынтық ақпарат беруді қамтамасыз етсін.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 17.03.2023 № 236 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

А. Мамин

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2021 жылғы 11 маусымдағы
№ 405 қаулысымен
бекітілген

Адам құқықтары саласындағы бірінші кезектегі шаралар жоспары

			Іске асыру	
--	--	--	------------	--

Р/с №	Іс-шараның атауы	Аяқталу нысаны	мерзімдері	Жауапты орындаушылар
1	2	3	4	5
БҰҰ-ның шарттық органдары және БҰҰ Адам құқықтары жөніндегі кеңесінің арнайы рәсімдерімен өзара іс-қимыл тетіктерін жетілдіру				
1.1.	"Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарының орындалуы туралы ақпаратты дайындау және оны Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына ұсыну, сондай-ақ Қазақстан Республикасы қатысушысы болып табылатын халықаралық ұйымдар шешімдерінің жобаларын келісу және оларды іске асыру, Қазақстан Республикасы Президентінің қатысуымен өтетін Қазақстан Республикасының халықаралық іс-шараларын дайындау, қол жеткізілген уағдаластықтарды орындау, халықаралық сот органдарымен өзара іс-қимыл және Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарының халықаралық қызметін үйлестіруді жүзеге асыру мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 12 тамыздағы № 1037 Жарлығына БҰҰ	Жарлық жобасы	2021 жылдың соңына дейін	СІМ, АҚДМ, БП (келісу бойынша), ЖС (келісу бойынша), ҰҚК (келісу бойынша), СҚА, Еңбекмині, ІІМ, Әділетмині, БҒМ, Қаржымині,

	Адам құқықтары жөніндегі кеңесінің арнайы рәсімдерімен, сондай-ақ БҰҰ-ның шарттық органдарымен өзара іс-қимыл бөлігінде толықтырулар енгізу			АҚҰО (келісу бойынша)
1.2.	БҰҰ АҚЖКБ әзірлеген 14 индикатор негізінде адам құқықтарының сақталуын бағалаудың ұлттық индикаторларын кезең-кезеңімен енгізуді қамтамасыз ету мақсатында адам құқықтары жөніндегі индикаторлардың тұрақты даму мақсаттары индикаторларымен сәйкестігін қамтамасыз ету	бұйрықтар	2022 жылдың соңына дейін	СЖРА (келісу бойынша), Әділетмині, ҰЭМ, Қаржымині, БП (келісу бойынша), ПМ, СҚА (келісу бойынша), СІМ, БҒМ, ДСМ, АҚҰО (келісу бойынша), Еңбекмині, АҚДМ, ИИДМ, ТЖМ, ЖС (келісу бойынша), ЭМ, ЭГТРМ, АШМ, ОСК (келісу бойынша), МҚІА (келісу бойынша)
2. Адам саудасы құрбандарының құқықтарын қамтамасыз ету				
2.1.	Қазақстан Республикасының заңнамасына БҰҰ-ның 2000 жылғы 15 карашадағы трансұлттық ұйымдасқан қылмысқа қарсы конвенциясын толықтыратын адам, әсіресе, әйелдер мен балалар саудасының алдын алу және жолын кесу, сол үшін жазалау туралы хаттаманы ескере отырып, оның ішінде "адам саудасы" ұғымының анықтамасын нақтылау, осындай қылмыс түрлерінен	Заң жобасы	2021 жылдың соңына дейін	Еңбекмині, БП (келісу бойынша),

	<p>зардап шеккен адамдардың Қазақстан Республикасының аумағында болуын заңдастыру және оларға әлеуметтік қызметтер көрсету бөлігінде өзгерістер мен толықтырулар енгізу ("Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мүгедектерді әлеуметтік қорғау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Заң жобасы шеңберінде)</p>			<p>ІІМ, Әділетмині, АҚҰО (келісу бойынша)</p>
2.2.	<p>Азаптау және басқа да қатыгез, адамгершілікке жатпайтын немесе қадір-қасиетті қорлайтын қатым-қатынас пен жазалаудың түрлерін тиімді тергеп-тексеру және құжаттау жөніндегі БҰҰ АҚЖКБ нұсқаулығын (Ыстамбұл хаттамасы) ескере отырып, әлеуметтік дезадаптацияға және әлеуметтік депривацияға алып келетін қатыгез қарым-қатынастың болуын бағалау өлшемшарттарын жетілдіру</p>	<p>бірлескен бұйрық</p>	<p>2021 жылдың соңына дейін</p>	<p>ІІМ, Әділетмині, БП (келісу бойынша), Еңбекмині, ДСМ, БҒМ, АҚҰО (келісу бойынша)</p>
	<p>Азаптау және басқа да қатыгез, адамгершілікке жатпайтын немесе қадір-қасиетті қорлайтын қатым-қатынас пен жазалаудың түрлерін тиімді</p>		<p>2022 жылдың</p>	

2.3.	тергеп-тексеру және құжаттау жөніндегі БҰҰ АҚЖКБ нұсқаулығын (Ыстамбұл хаттамасы) ескере отырып, жеке клиникалық хаттаманы енгізу	бұйрық	1-жартыжылдығы	ДСМ, АҚҰО (келісу бойынша)
2.4.	ҚР Бас прокуратурасының Академиясы жанындағы Экстремизмге, есірткі мен қару-жарақтың заңсыз айналымына, адам саудасына, киберқылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі өңірлік хабтың жұмысын күшейту	оқыту іс-шараларын , тренингтер өткізу	2021 – 2023 жылдар	БП (келісу бойынша), ПМ, Еңбекмині
2.5.	"Адамды саудаға салғаны үшін жауапкершілік анықтайтын заңнаманы қолдану тәжірибесі туралы" Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2012 жылғы 29 желтоқсандағы № 7 нормативтік қаулысын өзектілендіру	нормативтік қаулы	2021 жылдың соңына дейін	ЖС (келісу бойынша), АҚҰО (келісу бойынша)
3. Мүгедектігі бар азаматтарға қатысты адам құқықтары				
3.1.	Мүгедектердің құқықтары туралы конвенцияға Факультативтік хаттаманы ратификациялау рәсімін аяқтау	Заң жобасы	2021 жылдың соңына дейін	Еңбекмині, СІМ, Әділетмині, АҚҰО (келісу бойынша)
	Заңнамаға мүгедектігі бар адамдарды және халықтың қимыл-қозғалысы шектелген топтарын құрылыс			

3.2.	саласындағы жобаларды келісуге және оларды қабылдауға тарту бөлігінде өзгерістер енгізу ("Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мүгедектерді әлеуметтік қорғау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Заң жобасының шеңберінде)	Заң жобасы	2021 жылдың соңына дейін	Еңбекмині, ИИДМ, АҚҰО (келісу бойынша)
4. Әйелдерге қатысты кемсітушілікті жою				
4.1.	Әйелдер еңбегін пайдалануға тыйым салынған жұмыстардың тізімін алып тастау ("Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне азаматтардың кейбір санаттарын әлеуметтік қорғау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Заң жобасының шеңберінде)	Заң	2021 жылдың соңына дейін	Еңбекмині, Әділетмині, ДСМ, АҚҰО (келісу бойынша)
4.2.	Жанжалдардың алдын алуға және оларды реттеуге, бейбітшілік пен қауіпсіздікті қамтамасыз етуге, әйелдерге қарсы зорлық-зомбылықтың алдын алуға, хабардар болуды арттыруға, жанжалдардың алдын алу және әйелдерді қорғау мәселелерінде азаматтық қоғаммен өзара іс-қимылды	Үкімет қаулысы	2021 жылдың соңына дейін	АҚДМ, ИМ, БП (келісу бойынша), Еңбекмині, БҒМ, СЖРА, ӘИОСҰК, астананың, республикалық маңызы бар

	күшейтуге әйелдердің тең құқылы және жан-жақты қатысуы бойынша БҰҰ Қауіпсіздік кеңесі қабылдаған 1325 (2000), 1820, 1888, 1889, 1960, 2106, 2122, 2242, 2467 қарарларын іске асыру жөнінде шаралар қабылдау			қалалардың және облыстардың әкімдіктері, АҚҰО (келісу бойынша)
5. Бірігу еркіндігі құқығы				
5.1	Азаматтардың бірігу еркіндігі құқығын іске асыру тетіктерін кеңейту	Заңның тұжырымдамасы мен жобасын ВАК-қа ұсыну	2022 жылғы ақпан	АҚДМ, Еңбекмині, АҚҰО (келісу бойынша)
5.2.	Салық есептілігі мәселелері бойынша қоғамдық бірлестіктер мен мемлекеттік органдардың өзара іс-қимыл жасау, сондай-ақ діни бірлестіктерді тіркеу тәртібін жеңілдету және конфессияаралық өзара іс-қимылға қолайлы жағдайлар жасау бөлігінде Қазақстан Республикасының заңнамасына өзгерістер енгізу ("Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік билік деңгейлері арасындағы өкілеттіктерді қайта бөлу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Заң жобасы шеңберінде)	Заң	2021 жылдың соңына дейін	ҰЭМ, АҚДМ, Әділетмині, Қаржымині, АҚҰО (келісу бойынша)
6. Пікір білдіру еркіндігі құқығы				
	Құқық қолдану практикасы мен			

6.1.	халықаралық тәжірибені зерделеп, жұртшылықпен және ғылыми топтармен кеңінен талқылай отырып, Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 131-бабын қылмыстық сипаттан арылту мәселесін пысықтау	Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы жанындағы ВАЖТ қарауына ұсыныстар енгізу	2021 жылдың соңына дейін	ПМ, БП (келісу бойынша), Әділетмині, АҚҰО (келісу бойынша)
------	---	--	--------------------------	--

7. Адамның өмір сүруге және қоғамдық тәртіпке құқығы

7.1.	Полиция органдары жұмысының сервистік моделінің жекелеген элементтерін енгізу ("Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік фельдъегерлік байланыс және ішкі істер органдары қызметінің мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Заң жобасы шеңберінде)	Заң	2021 жылдың соңына дейін	ПМ
7.2.	"Полиция жақын маңда" қағидасын енгізуді ескере отырып, учаскелік пункттер мен модульдік бекеттердің құрылысын жүргізу	учаскелік полиция пункттерін салу туралы ақпарат	2021 – 2023 жылдар аралығында	ПМ

8. Үкіметтік емес ұйымдармен өзара іс-қимыл тиімділігін арттыру

8.1.	Азаматтық бастамаларға қолдауды кеңейту тұрғысынан коммерциялық емес ұйымдардың қызметін гранттық қаржыландыру тетіктерін өзгерту	Заң жобасы Үкіметтің қаулысы	2022 жылдың соңына дейін	АҚДМ, Қаржымині, ҰЭМ, АҚҰО (келісу бойынша)
------	---	---------------------------------	--------------------------	---

9. Қылмыстық сот төрелігі, орындау және азаптау мен қатыгез әрекеттердің алдын алу саласындағы адам құқықтары

<p>9.1.</p>	<p>Қазақстан Республикасының Қылмыстық, Қылмыстық іс жүргізу және Қылмыстық-атқару кодекстеріне мынадай:</p> <ul style="list-style-type: none"> - сотталған ауыр сырқаттанған жағдайда жазаны өтеуді кейінге қалдыруға мүмкіндік беру; - ауыр сырқатқа байланысты босату немесе жазаның жеңіл түріне ауыстыру туралы сот қаулысын тез арада орындау; - бала үш жасқа толғаннан кейін анасы мерзімінің соңында босатылған немесе шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған, жазасының өтелмеген бөлігі жазаның неғұрлым жеңіл түрімен ауыстырылған жағдайда, оның бір жыл бойы анасымен болу мерзімін ұзарту; - жауап алудың, сондай-ақ сот отырысының бейнежазбасын қамтамасыз ету; - "азаптау" анықтамасын нақтылау, сонымен қатар "қатыгездік" анықтамасын енгізу (балалар және мүгедектігі бар тұлғалардың әлеуметтік мекемелері); 	<p>Заң жобасы</p>	<p>2022 жыл</p>	<p>ІІМ, БП (келісу бойынша), ЖС (келісу бойынша),</p>
-------------	---	-------------------	-----------------	---

	- төтенше қауіпсіздік мекемелерін тарату арқылы бұрын сотталған адамдарды бірінші рет сотталғандардан бөлек ұстауды қамтамасыз ету бөлігіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу			БҒМ, ДСМ, АҚҰО (келісу бойынша)
9.2.	Сотталған және тергеудегі, қамаудағы адамдарды медициналық қамтамасыз ету функциясын Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі жүйесінен Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің қарамағына беру	Жарлық Заң жобасы	2021 жылғы шілде 2021 жылдың соңына дейін	ІІМ, ДСМ, Қаржымині, ҰЭМ, БП (келісу бойынша), АҚҰО (келісу бойынша)
9.3.	Қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерін жоғары тұрған және қадағалаушы органдарға бейнедеректерін беру, сонымен қатар одан әрі сотталғандардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету және құқық бұзушылықтарды азайту мақсатында Ұлттық бейнежазба жүйесіне қосылу үшін байланыс арналарымен қамтамасыз ету	қылмыстық атқару жүйесінің мекемелеріне қорғалатын байланыс арналарына кіруге рұқсат беру	2021 – 2023 жылдар аралығында	ЦДИАӨМ, ІІМ, Қаржымині, ҰЭМ, ҰҚҚ (келісу бойынша)
9.4.	Рақымшылық туралы заң қабылдау	Заң	2021 жылдың соңына дейін	ІІМ, БП (келісу бойынша), Қаржымині, ҰЭМ, АҚҰО (келісу бойынша)

9.5.	<p>Заңнамаға және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы № 79 қаулына сотталғандарды жұмыспен қамту және олардың әлеуметтік бейімделу жағдайларын кеңейтуді көздейтін өзгерістер енгізу ("Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік сатып алу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Заң жобасы шеңберінде)</p>	<p>Заң Үкіметтің қаулысы</p>	<p>2021 жылдың соңына дейін</p>	<p>ІІМ, Қаржымині, Әділетмині, ҰӘМ, БП (келісу бойынша), СҚА (келісу бойынша), БҚДА (келісу бойынша), БҒМ, АҚДМ, Еңбекмині, АШМ, ИИДМ, "Атамекен" ҰКП (келісу бойынша), АҚҰО (келісу бойынша)</p>
9.6.	<p>"Қылмыстық жаза тағайындаудың кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2015 жылғы 25 маусымдағы № 4 нормативтік қаулысын белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру түрінде қосымша жаза тағайындау бөлігінде өзектілендіру</p>	<p>нормативтік қаулы</p>	<p>2021 жылдың соңына дейін</p>	<p>ЖС (келісу бойынша), БП (келісу бойынша), АҚДМ, Әділетмині, АҚҰО (келісу бойынша)</p>
	<p>"Өтеу қоры туралы" Заңды, Азаптауға қарсы конвенцияға Факультативтік хаттаманы және Стамбул хаттамасын ескере отырып, "Жеке бас бостандығы мен адамның қадір-қасиетіне қол сұғылмаушылықты сақтау, азаптауға қарсы іс-қимыл,</p>			

9.7.	зорлық-зомбылық және басқа қатыгез немесе қорлайтын қатынас туралы қылмыстық және қылмыстық іс жүргізу заңнамасының нормаларын қолдану туралы" Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2009 жылғы 28 желтоқсандағы № 7 нормативтік қаулысын өзектілендіру	нормативтік қаулы	2021 жылдың соңына дейін	ЖС (келісу бойынша), БП (келісу бойынша), АҚДМ, Әділетмині, АҚҰО (келісу бойынша)
9.8.	Қазақстан Республикасы құзыретін таныған БҰҰ шарттық органдарының сұрау салуларын қарау және шешімдерін орындау тетігін, оның ішінде осы тетіктердің құқықтық реттеу мәселелерін пысықтау	құқықтық актіні әзірлеу	2022 жылғы маусым	Әділетмині, БП (келісу бойынша), ЖС (келісу бойынша), СІМ, ІІМ, АҚДМ, БҒМ, Еңбекмині
9.9.	Қылмыстық-атқару жүйесінің орталықтандырылған автоматтандырылған дерекқорын дамыту	мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органның бюджеттік инвестициялық жоба бойынша экономикалық қорытындысы	2021 жылдың соңына дейін	ІІМ, Қаржымині, ҰЭМ, ЦДИАӨМ, АҚҰО (келісу бойынша)

Ескертпе: аббревиатуралардың толық жазылуы:

	<ul style="list-style-type: none"> – Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі – "Адам құқықтары жөніндегі ұлттық орталық" мемлекеттік мекемесі – Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі – Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі – Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссия
--	---

АҚДМ	– Қазақстан Республикасының Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігі
АҚҰО	– Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы
АШМ	– Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі
Әділетмині	– Біріккен Ұлттар Ұйымы
ӘІОСҰК	– БҰҰ Адам құқықтары жөніндегі жоғарғы комиссар басқармасы
БҚДА	– Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Заң жобалау қызметі мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссия
БП	– Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі
БҒМ	– Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі
БҰҰ	– Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты
БҰҰ АҚЖКБ	– Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі
ВАК	– Қазақстан Республикасының Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі
ДСМ	– Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі
Еңбекмині	– Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істер агенттігі
ЖС	– Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрлігі
ПМ	– Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясы
ИИДМ	– Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі
Қаржымині	– Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі
МҚІА	– Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі
МСМ	– Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар министрлігі
ОСК	– Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті
СІМ	– Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі
СҚА	– Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі
СЖРА	– Қазақстан Республикасының Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі
ТЖМ	– Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігі
ҰҚҚ	
ҰЭМ	
ЦДИАӨМ	
ЭГТРМ	
ЭМ	

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК